

Аңдатпа

Бұл дипломдық жоба ЖОО арналған оқу кестесінің OnLine программалық қамтамасын әзірлеуге арналған. Дипломдық жоба YП2 фреймворкімен PHP тілінде ақпараттық жүйені құруға бағытталып жасалынды.

Жобаны дайындау барысында Redips Drag and Drop JavaScript кітапханасы және программаны жүзеге асыруға арналған қосымшалар: HTML, PHP, JavaScript, Mysql программалық құралдары пайдаланылды. Сонымен қатар, OnLine оқу кестесін қолдану ережелері де ұсынылған.

Өміртіршілік қауіпсіздігі мәселесі тексеріліп, ақпараттық жүйені әзірлеу барысында ауа алмасу жүйесін есептеу коэффициенті есептелінді. Сондай-ақ экономикалық бөлімінде жұмыстың орындалу құны, еңбек бағасы және жұмыстың тиімділігі анықталды.